



ULTTYQ TESTILEY ORTALYGY

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ-2025

Астана

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ - 2025

«Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны»

(ҚР «Білім туралы» Заңы, 1 б., 56 т.)

- ✓ Түсушілер тестілеуге ҰТО сайты арқылы онлайн режимде тіркеле алады;
- ✓ Түсушілер тестілеу пунктін, күнін және уақытын өз бетінше таңдай алады;
- ✓ ҰБТ "1 тестіленуші – 1 компьютер – 2 камера" қағидаты бойынша электрондық форматта өткізіледі;
- ✓ Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары қолданылады;
- ✓ Тестілеу нәтижесі тестілеу аяқталғаннан кейін бірден беріледі;
- ✓ Техникалық себептер бойынша өтініштер тестілеу барысында беріледі;
- ✓ Тестілеу мазмұны бойынша апелляцияға өтініштер тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде беріледі;
- ✓ Апелляциядан бас тартқан жағдайда түсуші РАК отырысы басталғанға дейін өзінің жеке кабинетінде апелляцияға берген өтінішін кері қайтара алады.

ҰБТ МЕРЗІМІ



Өтініш беру мерзімдері	Тестілеу мерзімдері
14 - 24 желтоқсан аралығы	10 қаңтар - 10 ақпан аралығы
15 - 25 ақпан аралығы	1 - 31 наурыз аралығы
28 сәуір - 14 мамыр аралығы	16 мамыр - 5 шілде аралығы
20 - 30 шілде аралығы	10 - 20 тамыз аралығы

Ескерту:

ҰБТ мерзімдері бойынша нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін!

✓Тестілеу құны – 5 640 теңге

✓Ағымдағы жылғы мектеп бітірушілері үшін ҰБТ 16 мамыр - 5 шілде аралығында (2 мүмкіндікті есептегенде) тегін өткізіледі.

ҰБТ-ҒА ӨТІНІШ БЕРУ

1 АВТОРИЗАЦИЯДАН ӨТУ және жеке кабинетін ашу (электронды поштаның және ЖСН көмегімен <https://app.testcenter.kz/> жүйесінде тіркелу)

2 Дербес деректерді өңдеуге КЕЛІСІМІН БЕРУ және тестілеу кезінде тәртіп сақтау ережелерімен ТАНЫСУ

Өтініштерді қабылдау ҰТО сайтындағы жеке кабинет арқылы онлайн режимде жүзеге асырылады

3 ДЕРЕКТЕР Ұлттық білім беру деректер қорынан (ҰББДҚ (НОБД))-дан алынады. Өтініш берушілер ЖСН көрсеткен кезде Т.А.Ә., ұлты, азаматтығы, оқу орны ҰББДҚ-дан таңдалады

4 ҚОСЫМША ДЕРЕКТЕР (өтініш берушілер ұялы телефон нөмірлерін, халықаралық сертификаттар бойынша деректерді (бар болса), мүгедектігі туралы деректерді (бар болса) толтырады)

5 ТЕСТІЛЕУ ДЕРЕКТЕРІ (өтініш берушілер тестілеу тапсыру тілін, бейіндік пәндерді, тестілеу тапсыру орындары мен уақытын таңдайды)

6 ТӨЛЕМ: тестілеу құны - 5640 теңге (төлем 1 сағаттың ішінде жасалуы тиіс, Halyk Bank немесе Kaspi Bank қосымшалары арқылы)

7 Барлық мәліметтер өтініш берушінің жеке кабинетінде тіркелу аяқталғаннан кейін қолжетімді болады

Тестіленушінің назарына:

* тіркелуден бұрын **Ереже** және **нұсқаулықпен танысу**;


* өтініш берген соң жеке кабинеттің **логин** және **құпия сөзді сақтап алу**.

Ескерту: мүгедектігі бар балалар және мүгедектігі бар адамдар (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) мүгедектікті белгілеу туралы құжаты бар болған жағдайда құжатты ҰБТ-ға өтініш беру бағдарламалық жасақтамасына жүктейді және көмекшінің қажеттілігі туралы ақпаратты белгілейді.

Тестіленуші app.testcenter.kz сайтына кіру логині немесе құпия сөзін ұмытып қалған жағдайда, келесі әрекеттерді орындау қажет:

1. AppStore немесе PlayMarket-тен UTO.KZ қосымшасын жүктеу.
2. Бірден «Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?» деген батырманы басу.
3. «Face ID арқылы құпия сөзді қалпына келтіру» батырмасын таңдау.
4. ЖСН жазу.
5. Идентификациядан өту.
6. Жаңа құпия сөз құрастыру.
7. «Кіру» бөліміне өту, ЖСН, телефон нөмір және жаңа құпия сөзді теру. «Кіру» батырмасын басу.

Ескерту: бірінші рет тіркеліп отырған тестіленушілерге жасаудың қажеті жоқ! Бірақ қосымша арқылы тіркелсеңіз бәрі оңай әрі ыңғайлы.



ТЕСТІЛЕУГЕ КІРГІЗУ



- АТО-ға тестіленушілер бір-бірден жіберіледі,
- жеке басы бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканерленуі арқылы (Face ID) және жеке басын куәландыратын құжат негізінде сәйкестендіріліп кіргізіледі.

Өзімен бірге болуы тиіс:

- жеке басын куәландыратын құжат ;
- 16 жасқа толмаған және жеке басын куәландыратын құжаты жоқ тестіленушілердің білім беру ұйымының бірінші басшысының (директорының) қолымен және мөрімен расталған білім беру ұйымынан АНЫҚТАМА (фотосуретпен) мен туу туралы куәлігі болуы тиіс.



- Тестілеу барысында өз орнына "бөтен тұлғаны" кіргізуге талпынған тестіленушілерге ағымдағы жылғы ҰБТ тапсыруға рұқсат етілмейді

- Металл іздегішпен тексеру аймағында және тестілеу барысында тыйым салынған заттар табылған жағдайда тиісті акт жасалады және түсуші тестілеуден шеттетіледі

АНЫҚТАМА ҮЛГІСІ

Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және "Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына 4-қосымша

Анықтама

Күні:

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Сервисы

Туу туралы куәлікті ұсынушы

Сурет

МӨ

* * _____ жылы № _____ берілді

оқшы немесе орта білім туралы аттестат берілді

(білім беру ұйымының атауы)

Білім беру ұйымының басшысы
қолы

жылы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Ұлттық бірыңғай тестілеу өткізу пунктіне ұсыну үшін берілді

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015173>

Анықтама үлгісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларының» 4-қосымшасында көрсетілген.

ҰБТ-ДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАР



Тестіленушіге рұқсат етілмейді

- ✓ аудиториядан (компьютерлік сыныптан) тестілеу әкімшісінің рұқсатынсыз 10 минуттан артық шығуға;
- ✓ сөйлесуге, орын ауыстыруға;
- ✓ құжаттармен, кез келген тыйым салынған заттармен және түсушіге жұмыс үшін берілген А4 форматындағы парағымен алмасуға;
- ✓ тестілеу материалдарын, құжаттарды және тест тапсырмаларымен жұмыс үшін берілген А4 форматындағы парақты аудиториядан (компьютерлік сыныптан) алып шығуға, бүлдіруге;
- ✓ аудиторияға (компьютерлік сыныпқа) тыйым салынған заттарды: фотоаппарат, ақпараттарды тасымалдау функциясымен жабдықталған кез келген ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт сағаттар, смарт көзілдірік, фитнес білезіктер (трекерлер), диктофон, сымды және сымсыз құлаққаптар, микроқұлаққаптар, сымсыз бейнекамераларды, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларды, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерді, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект), сондай-ақ шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесі, калькулятор, А0-А10 форматтағы қағаздарды алып кіруіне және/немесе қолдануына;
- ✓ тестілеу алдында немесе тестілеу кезінде шулауға;
- ✓ тестілеу тапсырмаларының мазмұнын талқылауға және жария етуге;
- ✓ тестілеуге пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге;
- ✓ тестілеу жүйесіне араласу әрекетіне және тестілеуден өтуге байланысты өзге де бұзушылықтарға рұқсат етілмейді.

Бұл ретте тестілеу өткізілетін компьютердің интерфейсіндегі калькуляторларды, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштігі кестесін пайдалануға рұқсат етіледі. Түсуші аудиториядан шыққан жағдайда аудиторияға қайта кірген кезде металл іздегішпен тексеріліп кіргізіледі.

ҰБТ ФОРМАТЫ

Қазақстан тарихы

Математикалық сауаттылық

Оқу сауаттылығы

20 тапсырма
Шекті балл: 5

10 тапсырма
Шекті балл: 3

10 тапсырма
Шекті балл: 3

1-таңдау пәні

2-таңдау пәні

40 тапсырма (50 балл)
Шекті балл: 5

40 тапсырма (50 балл)
Шекті балл: 5

Бір дұрыс жауапты
ТС

Контекстке негізделген
ТС

Сәйкестікті белгілеу
арқылы (2 балл)

Бір немесе бірнеше дұрыс
жауаптарды таңдау арқылы
(2 балл)

25 тапсырма

5 тапсырма

5 тапсырма


5 тапсырма

120 тапсырма = 140 балл

Тестілеудің жалпы уақыты: 4 сағат (240 минут)

Мүгедектігі бар балалар және мүгедектігі бар адамдар үшін (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) ҰБТ пәндерінің тест тапсырмаларының нұсқалары схемасыз, кестесіз, суретсіз, картасыз қалыптастырылып беріледі.

ТЕСТІЛЕУДІҢ УАҚЫТЫ МЕН ҮЗІЛІСТЕР



Мүгедектігі бар балалар және мүгедектігі бар адамдар үшін (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған):

- тестілеуге қосымша 40 минут уақыт беріледі;*
- ҰБТ тапсыру кезінде қажет болған жағдайда көмекші беріледі.*

АПЕЛЛЯЦИЯҒА ӨТІНІШ БЕРУ

ТЕХНИКАЛЫҚ СЕБЕПТЕР БОЙЫНША



Тестілеу уақытында беріледі

- ✓ тест тапсырмасы шартының фрагменті (мәтін, сызба, суреттер, кестелер) табылмаса

ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША



Тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде беріледі

- ✓ дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмесе (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі);
- ✓ дұрыс жауап болмаса;
- ✓ нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларында бірден көп дұрыс жауап болса (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);
- ✓ тест тапсырмасы дұрыс құрылмаса.



Апелляция нәтижесі 30 жұмыс күні ішінде ұсынылады

Апелляцияға өтініш берген түсушілер үшін сертификат РАК шешімінен кейін қол жетімді болады

- Түсушінің жеке кабинетінде РАК отырысын өткізу мерзімдері туралы ақпарат көрсетіледі. Апелляциядан бас тартқан жағдайда түсуші РАК отырысы басталғанға дейін өзінің жеке кабинетінде апелляцияға берген өтінішін кері қайтара алады. Апелляция өтініші қайтарып алынғаннан кейін сертификат түсушінің жеке кабинетінде бір жұмыс күні ішінде қолжетімді болады;
- Барлық тест тапсырмаларының дәлелді негіздемесін (толық түсіндірме, тапсырмаларды кезең-кезеңмен шешу) көрсетпей, әрқайсысын қайта қарастыру көрсетілген апелляция өтініші қарастырылмайды.

2024 ЖЫЛҒЫ ҰБТ КЕЗІНДЕГІ ЕРЕЖЕ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

Өтініштер саны	қаңтар-ақпан	наурыз	мамыр-шілде (2 мүмкіндікті есепке алғанда)	тамыз
	136 012	118 505	341 405	21 387
Қатысушылар саны	133 824	116 653	326 037	18 475

Кіргізу кезінде тестілеуге жіберілмегендер	108	71	397	44
Тестілеу кезінде нәтижесі жойылғандар	53	51	188	33
Штаб комиссиясы шешімімен жойылғандар	0	5	49	6
БАРЛЫҒЫ:	161	127	634	83

Ескерту: 31 қазанға дейін түсушілердің бейнежазбалары мен тестілеу жүйесіндегі тіркеу файлдары (логтары) қаралады. Ереже бұзушылық анықталған жағдайда ҰБТ нәтижесі және білім беру гранты куәлігі жойылады.

БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫ КОНКУРСЫ БОЙЫНША

	ӨТІНІШ БЕРУ МЕРЗІМІ	ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ	ӨТКІЗУ ОРНЫ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН	20 маусым - 10 тамыз	7 шілде - 15 тамыз	ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары
АРНАЙЫ ЕМТИХАН	20 маусым - 20 тамыз	20 маусым – 20 тамыз	«Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау» білім беру салалары бойынша ЖЖОКБҰ
КОНКУРС (республикалық бюджет)	13 шілде - 20 шілде	10 тамызға дейін	Өтінішті қабылдауды ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары немесе "eGov" үкіметтік порталы жүзеге асырады

- ҰБТ сертификатын тексеру certificate.testcenter.kz сайты арқылы жүзеге асырылады
- Білім беру гранты куәліктерін тексеру grant.testcenter.kz сайт арқылы жүзеге асырылады

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ НЕМЕСЕ АҚЫЛЫ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ҮШІН ШЕКТІ БАЛЛ

ТОЛЫҚ ОҚУ МЕРЗІМІНЕ ТҮСУШІЛЕР ҮШІН ШЕКТІ БАЛЛ




ӘР ЖЖОКБҰ ӨЗ ШЕКТІ БАЛЫН БЕЛГІЛЕЙ АЛАДЫ.

<https://testcenter.kz/postupayushchim-v-vuz/vazhnaya-informatsiya-dlya-uchastiya-v-konkurse-prisuzhdeniya-obrazovatel'nogo-granta-2023-goda-/minimalnye-bally-ent-dlya-uchastiya-v-konkurse-po-prisuzhdeniyu-obrazovatelnykh-grantov-2023-goda/>

Қазақстан тарихы және ҰБТ-ның екі бейіндік пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл, оқу сауаттылығы және математикалық сауаттылық бойынша кемінде 3

ҰБТ БАЛДАРЫНА АУЫСТЫРЫЛАТЫН ТЕСТ СЕРТИФИКАТТАРЫ

1. ҚАЗТЕСТ сертификаты;
2. "НЗМ" ДББҰ бітірушілерінің оқудағы нәтижелерінің сырттай бағалау балдары;
3. Халықаралық стандартталған SAT тест сертификаты;
4. Халықаралық стандартталған ACT тест сертификаты;
5. IB Халықаралық бакалавриат бағдарламасы сертификаты/диплом;
6. A Level халықаралық бакалавриат бағдарламасының балдары;
7. Халықаралық стандартталған тест IELTS балдары;
8. Халықаралық стандартталған тест TOEFL ibt, TOEFL itp балдары



ЖЖОКБҮ-ҒА ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ СІЛТЕМЕЛЕР

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017650>

2024-2025 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының сілтемесі

<https://testcenter.kz/postupayushchim-v-vuz/vazhnaya-informatsiya-dlya-uchastiya-v-konkurse-prisuzhdeniya-obrazovatel'nogo-granta-2023-goda-/spisok-obrazovatelnykh-grantov-bakalavriat>

"Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033345>

ҰБТ БЕЙІНДІК ПӘНДЕР КОМБИНАЦИЯЛАРЫ

Математика – Физика

Биология – Химия

Шығармашылық емтихан - Шығармашылық емтихан

Математика – Информатика

Шет-тілі - Дүниежүзі тарихы

Биология – География

Математика – География

Дүниежүзі тарихы - Құқық негіздері

Дүниежүзі тарихы – География

География - Шет тілі

Қазақ тілі – Қазақ әдебиеті

Орыс тілі - Орыс әдебиеті

Химия – Физика

КОНКУРС БАРЫСЫНДАҒЫ КВОТАЛАР ТІЗІМІ

	Атауы	мөлшері (%)
1	Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін	35 %
2	Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін	4 %
3	Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін (Серпін)	5 %
4	Кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін	5 %
5	Кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін	1 %
6	Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін	1 %
7	Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар арасынан шыққан азаматтар үшін	2%
8	Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер үшін	0,2%
9	Бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін	2%
10	Әскерге шақыру бойынша мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары үшін	2,5%

ҚР ҒЖЖБ министрінің 31.07.2024ж. № 384 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034847>.

БАЙҚАУ СЫНАҒЫ


<https://prob-ent.testcenter.kz>
сайты арқылы **тегін** тапсыра
алады.



БАЙҚАУ СЫНАҒЫ

<https://app.testcenter.kz/profile/prob-test>

сайты арқылы жеке кабинетінен
ақылы түрде тапсыра алады.



ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ТЕГІН ОНЛАЙН САБАҚТАР



Информатика / Логические операции

157 просмотров

• Трансляция закончилась 7 месяцев назад



Информатика / Логикалық операциялар

207 просмотров

• Трансляция закончилась 7 месяцев назад



Биология / Разбор тестовых заданий

812 просмотров

• Трансляция закончилась 7 месяцев назад



Биология / Биотикалық факторлар

546 просмотров

• Трансляция закончилась 7 месяцев назад



Химия / Задачи на пластинки

430 просмотров

• Трансляция закончилась 7 месяцев назад



Химия / Жаңа нұсқа талдау

393 просмотра

• Трансляция закончилась 7 месяцев назад



Физика / Векторы в физике

268 просмотров

• Трансляция закончилась 7 месяцев назад



Физика / Контекст сұрақтар

297 просмотров

• Трансляция закончилась 8 месяцев назад



ҰБТ-2024 | Қазақ тілі пәнінен ҰБТ тест нұсқасын талдау

354 просмотра

• Трансляция закончилась 4 месяца назад



ҰБТ-2024 | Қазақ әдебиеті пәнінен ҰБТ тест нұсқасын талдау

225 просмотров

• Трансляция закончилась 4 месяца назад



ҰБТ-2024 | Дүниежүзі тарихы пәнінен ҰБТ тест нұсқасын талдау

556 просмотров

• Трансляция закончилась 4 месяца назад



ҰБТ-2024 | Ағылшын тілі пәнінен ҰБТ тест нұсқасын талдау / QAZBILIM

386 просмотров

• Трансляция закончилась 4 месяца назад

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР



ULTTYQ TESTILEY ORTALYGY



www.testcenter.kz



uto@testcenter.kz



[testcenterkz](https://www.instagram.com/testcenterkz)



Ұлттық тестілеу орталығы